



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8,
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік ел, 8
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

**Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті**

*2025 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 15-32-03/2101,*

*2025 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 15-32-03/2102,*

*2025 жылғы 12 қыркүйектегі
№ 15-32-03/475 және*

*2025 жылғы 12 қыркүйектегі
№ 15-32-03/476 шығыс хаттарға*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде (бұдан әрі – Университет) **8D041 Бизнес және басқару** даярлау бағыты (8D04139 Мемлекеттік және жергілікті басқару және 8D04140 Экономика білім беру бағдарламалары) және **8D073 Сәулет және құрылыс** даярлау бағыты (8D07365 Құрылыс және 8D07366 Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңестер ашу туралы хаттарыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Диссертациялық кеңестер құру туралы ерекше мәртебесі жоқ жоғары оқу орындарының құжаттарын қарау жөніндегі комиссия тарапынан Университеттің құжаттарына Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің¹ (бұдан әрі – Үлгі ереже) талаптарының сәйкестігіне сараптама жүргізіп, Университетте **8D041 Бизнес және басқару** даярлау бағыты (8D04139 Мемлекеттік және жергілікті басқару және 8D04140 Экономика білім беру бағдарламалары) және **8D073 Сәулет және құрылыс** даярлау бағыты (8D07365 Құрылыс және 8D07366

¹ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы

Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңестер ашу ұсынылды (*Комитет төрағасының 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 1738 бұйрығы*).

Диссертациялық кеңестер Үлгі ереженің 3-тармағына сәйкес 3 жылға құрылды.

Университеттің **8D041 Бизнес және басқару** даярлау бағыты (8D04139 Мемлекеттік және жергілікті басқару және 8D04140 Экономика білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңестің тұрақты құрамына ұсынған 4 үміткердің (*Абдимомынова А.Ш., Акимбекова Г.У. Бұхарбаева А.Ж., Калымбетова А.Р.*) Үлгі ереженің 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, ал **8D073 Сәулет және құрылыс** даярлау бағыты (8D07365 Құрылыс және 8D07366 Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңестің тұрақты құрамына ұсынған 4 үміткердің 3-уінің (*Бисенов Қ.А., Удербасов С.С., Сактаганова Н.А.*) Үлгі ереженің 9-тармағының 1) тармақшасына сәйкес соңғы 5 жылдағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдары бар.

Дегенмен, **8D073 Сәулет және құрылыс** даярлау бағыты (8D07365 Құрылыс және 8D07366 Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңесте докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды ұйымдастыру кезінде диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің кемінде 1-уінде Үлгі ереженің 9-тармағының 1) тармақшасына сәйкес соңғы 5 жылда халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болуы және докторанттың докторлық зерттеу саласына байланысты сәйкес таңдау қажет.

Сонымен қатар, Университеттің **8D041 Бизнес және басқару** даярлау бағыты (8D04139 Мемлекеттік және жергілікті басқару және 8D04140 Экономика білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесінің 4-уінің 2 осы Университеттің өкілі, 1-уі басқа ЖЖОКБҰ-ның өкілі және 1-уі ғылыми ұйымның өкілдері және осы диссертациялық кеңесте қорғауларды ұйымдастырғанда Үлгі ереженің 8-тармағына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелер қатарында шетел ғалымы болуы керек.

Сондай-ақ, Университеттің **8D073 Сәулет және құрылыс** даярлау бағыты (8D07365 Құрылыс және 8D07366 Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесінің 3-уі де осы Университеттің өкілі және осы диссертациялық кеңесте қорғауларды ұйымдастырғанда Үлгі ереженің 5 және 8-тармақтарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелер қатарына басқа ЖЖОКБҰ-ның, ғылыми немесе басқа да ұйымдардың өкілдері және шетел ғалымы болуы керек екенін мәлімдейміз.

Үлгі ереженің 4-тармағының 5) тармақшасына сәйкес мәтінді пайдалануды анықтаудың, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша

лицензиялық жүйесінің болуын растайтын құжаттың көшірмесінің қолдану мерзімі 2026 жылғы 10 қаңтарға дейін екенін назарға алуды және тиісті жұмыс атқаруды сұраймыз.

Маңызды: Университет тарапынан жоғарыдағы талаптарды ескермеген жағдайда докторанттардың диссертациялық жұмыстарының қорғауы туралы хабарламалар Комитет сайтына жарияланбайтынын ескертеміз.

Ерекше мәртебесі жоқ оқу орындарының диссертациялық кеңестер тізімі Комитет сайтының «Қызметі» сілтемелер бөлімінде орналастырылған.

Төрағаның орынбасары

Ғ. Есенбаев

Орын. Сатаева Ж. К.
Тел.: 87172-74-22-47